

«Гүлдер» балабақшасындағы педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңес отырысының
№1 ХАТТАМАСЫ

Ақтау қаласы

11.09.2023ж

Қатысты: директор, әдіскер, мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңес мүшелері

Күн тәртібі

1. Педагогикалық әдеп ережелері туралы. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелерінің функционалдық міндеттерін бөлу туралы.
2. 2023-2024 жылына арналған педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту туралы

Тыңдалды: Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес төрайымы М.Е.Овезова ҚР Білім және ғылым министрінің 11.05.2020 ж. №190 бұйрығына сәйкес педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің негізгі міндеттері туралы айтып берді, Білім Министрінің міндетін атқарушының 15.12.2022 жылғы № 500 бұйрығымен бекітілген "Педагог" Кәсіби стандартымен таныстырды.

Сөз сөйлегендер: балабақша әдіскері балабақша ұжымына сипаттама берді, бұзушылықтар болмас үшін балабақша педагогтары арасында мониторинг жүргізу қажеттілігі туралы айтты. Педагогтар арасындағы қақтығыстардың алдын алу үшін, шиеленісті жеңілдету үшін педагогтермен шеберлік сыныптары, тренингтер өткізілуде. Сондай-ақ, ата-аналармен топтарда, жеке кеңес беру жұмыстары жүргізілуде. Жас педагогтармен жұмыс жасай отырып, оларға тәлімгерлік арқылы тәрбиеленушілердің ата-аналарымен калай қарым-қатынас жасауды үйретуде.

Қаулы етті:

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелерінің арасында функционалдық міндеттері бөлінсін.
2. 2023-2024 жылына арналған педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесінің жұмыс жоспары бекітілсін.



Педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңестің төрайымы М.Овезова
Хатшы М.Асанова

